



МРНТИ 06.52.01
УДК 338.001.36

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-2.10>

ПАНДЕМИЯҒА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ВАЛЮТАЛЫҚ НАРЫҒЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

*Р.Е.Елемесов, А.А.Раимбекова**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

e-mail: a.raimbekovaa@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын валюталық нарық жағдайына анықтама беріп, оның 2020 жылы әлемде орын алған коронавирустық пандемия жағдайына дейінгі және пандемия кезіндегі даму тенденциясы мен қалпын талдау.

Бүкіләлемдік пандемия әлем елдерінің экономикасынан бастап барлық салаларының дамуына қиын жағдай тудырғаны мәлім. Қазақстанның қаржы және тауар нарығында қысқа мерзімнің ішінде айтарлықтай құлдыраулар орын алды.

Еліміздің валюталық нарығы жыл бойы сыртқы факторлардың қысымына ұшырап отырды. Әлемдік нарықтардың құбылмалылығы, төмен мұнай бағасы, тәуекелі жоғары активтерден инвесторлардың кетуі секілді жағдайлар ұлттық валютаның тұрақты дамуына кері әсерін тигізді.

Бұл мақсатқа жетуде ұлттық валютамыздың аталған жыл соңында 6%-ға нығайып, 1 доллар үшін 421 теңге болғанын анықтай алдық.

Жалпы, ұлттық валютаның алдағы уақытта даму динамикасы әлемдік нарықтардағы фундаменталды факторлар мен тенденцияларды сипаттайтындығына көз жеткізе аламыз.

Түйін сөздер: валюталық нарық, тенгенің айырбас бағамы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, валюталық реттеу, валюталық конвертациялар, коронавирустық пандемия.

Негізгі ережелер. Ішкі валюталық нарықтың мұнайға деген төмен баға мен коронавирустық пандемияның жайылу шарттарында жағдайды тұрақтандыру үшін мемлекет нарықта валюталық конвертациялар секілді бірнеше бағытты шаралар жүргізді. Келесі бағытта нарықта жоғары құбылмалылық орын алғаннан соң, акциялар нарығында жүргізілетін мәмілелер саны өсті, салдарынан нарықтың өтімділігін жоғарылатып, жеке инвестициялардың құйылуына септігін тигізді.

Кіріспе. Әлемде коронавирустық пандемия басталған соң, дүниежүзілік шаруашылықтың даму қарқынының, әлемдік сауда айналымының, елдердің экономикасының күрт өзгерістерге ұшырауына алып келді. Ол біздің елді де айналып өтпеді. Вирустың жылдам халық арасында тарауына байланысты, өкінішке орай 2020 жылдың наурыз айында Үкімет елде төтенше жағдайды бекіту шарасын жүзеге асырды. Салдарынан ел экономикасының дамуы теріс сипатты көрсетіп, қаржы және тауар нарықтарында бірнеше рет құлдырау болды. Оған қоса, ұлттық валютамыз ұлттық экономиканың шикізаттық құрылымына байланысты қара алтын нарығындағы өзгерістерге тәуелді болып келетіндігінен әлемдегі мұнай бағасының, нақтырақ айтқанда эталонды Brent маркалы қара алтын бағасының төмендеуі салдарынан құнсызданып кетті. Сәйкесінше бұл жағдай сыртқы нарықтың жағдайы факторымен қоса елдің валюталық нарығының тұрақты дамуына кері әсерін тигізді.

Әдіснама. Жұмысты жазу барысында эмпирикалық және теоретикалық әдістер, оның ішінде талдау, салыстыру, бақылау әдістері қолданылды. Қазақстанның валюталық нарығын, оның құрылымы мен міндеттерін анықтай келе, коронавирус пандемиясына



дейінгі кезең мен карантиннен кейінгі ішкі валюталық нарық жағдайына талдау жүргізіліп, жиналған ақпарат синтезделді. Негізгі статистикалық мәліметтер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты мен статистикалық бюллетенінен алынды.

Нәтижелер және талқылау. Әлемдік экономикада валюталық келісімдердің көлемі күн сайын өсуіне байланысты ұлттық валюта нарықтарын әлемдік нарыққа интеграциялау үрдісі жүргізіліп келеді, нәтижесінде ұлттық валюта нарықтарының бұл жүйеде маңыздылығы артып, жеке елдердің осы бағытта өз даму стратегияларын қалыптастыру маңызды рөлге ие болады. Сонымен, валюта нарығы дегеніміз – қаржы нарығының әр түрлі компоненттерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз етудегі сол нарықтың ең маңызды бөлігі. Бұл валюталарды тұтынушылар мен сатушылар арасында құқықтық және экономикалық қатынастар орнатылатын механизм [1]. Бұл жүйе мәмілелерге келесі негізде мүмкіндік береді:

- Банк клиентпен сатып алу-сату кезінде тікелей өзара әрекеттесетін бөлшек сауда операциялары;

- Екі банк бір-бірімен валюталық брокер арқылы өзара іс-қимыл жасайтын көтерме банкаралық сауда операциялары. Бұл өзара байланыс *банкаралық нарықты* тудырады [2].

Осы бағыттағы елдің валюталық саясаты мемлекеттің экономикалық саясатының ажырамас бөлігі бола отырып, әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне интеграциялану деңгейіне, салаларына және механизмдеріне қатысты негізгі мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының валюталық реттеуінің міндеттері:

- а) Қазақстан Республикасында валюталық құндылықтар айналысының тәртібін белгілеу;

- б) Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға одан әрі интеграциясы үшін жағдайлар жасау;

- в) Валюталық операциялар мен капитал ағындары туралы ақпараттық базаны қамтамасыз ету [3].

Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңына және ҚРҰБ нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес заңды және жеке тұлғалардың валюталық операцияларын, оның ішінде валюталық реттеу режимдерін жүргізу тәртібі – валютаны тіркеу операциялар және валюталық операциялар туралы хабарлама белгіленген [4].

Елдің валюталық саясатын жүргізудегі негізгі құралдардың бірі – ұлттық валюта, сәйкесінше оның төлем құралы ретіндегі негізгі қабілеті деп валютаның басқа түрлеріне ең аз шығындармен айырбастауға болатыны саналады. Валюта операцияларын жүзеге асыру валюта нарығына қатысушылар арасында валюта айырбастаусыз және бір елдің валютасының екінші елдің валютасына пропорционалды тәуелділігін анықтаусыз мүмкін емес. Бұл механизм валюта бағамдарын белгілеу арқылы жүзеге асырылады [1].

Соңғы жылдардағы Қазақстанның ішкі валюта нарығында АҚШ долларымен, еуромен және Ресей рублімен жасалған кейбір операцияларды қарастырайық (Кесте 1).

Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы операцияларды талдай отырып, сауда-саттық көлемінің және резидент банктердің американдық доллармен операциялары көлемінің біртіндеп өсу динамикасын 2016-2018 жылдар аралығында, еуромен 2016-2018 жылдары, ресейлік рубльмен 2016-2017 жылдар аралығында байқауға болады, содан кейін көрсеткіштердің төмендеуі сәйкесінше доллармен 2019-2020 жылдарда байқалады, сол мерзім аралығында еуромен сауда-саттық көлемі төмендесе, банк-резиденттер мәмілелерінің көлемі екі есе өскен, ал рубльде сауда-саттық көлемі өссе, банк-резиденттер мәмілелерінің көлемі төмендеген (1-кесте).




Кесте 1.

2010-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы АҚШ долларымен, еуромен және Ресей рублімен жүргізілген операциялар (валютаның млн және мыңдық бірлігі)*

Кезең	USD (валютаның млн бірлігі)		EUR (валютаның мыңдық бірлігі)		RUB (валютаның млн бірлігі)	
	КАСЕ	ББВР	КАСЕ	ББВР	КАСЕ	ББВР
	Саудасаттықтың көлемі	Банк-резиденттер мәмілелерінің көлемі	Саудасаттықтың көлемі	Банк-резиденттер мәмілелерінің көлемі	Саудасаттықтың көлемі	Банк-резиденттер мәмілелерінің көлемі
2016	30 382	7 966	23 550	66 250	13 154	12 927
2017	37 005	18 200	56 550	88 607	27 229	16 894
2018	38 740	33 847	56 550	107 960	10 709	10 690
2019	28 838	32 504	60 572	46 948	11 487	9 640
2020	27 477	24 959	34 446	98 667	17 873	5 574
2021 (01.21)	2 196	2 065	6 907	4 680	1 501	120


*Ескерту: [5] қайнаркөз негізінде автормен құрастырылған

1-суретте Ресей рублінің, сәйкесінше 2-суретте АҚШ долларының және еуроньң 2016-2021 (I тоқсан) жылдар аралығындағы теңгеге қатысты ресми бағамдары келтірілген. 5 жыл ішінде үш валютаның да теңгеге бағамдары өзгеріп отырды, рубль соңғы 3 жылда 5,1 мен 6,2 бағамы аралығында өзгерген. 2017 жылдың маусым айында доллар мен еуро арзандаған, 2020 жылдың наурыз айында әлемдегі коронавирустық пандемия салдарынан бұл екі валюта күрт өсіп кеткен.



Сурет 1 – 2016-2021 (I тоқсан) жж. Ресей рублінің теңгеге қатысты бағамы

*Ескерту: сурет [6] қайнаркөзінен алынды



Сурет 2 – 2016-2021 (I тоқсан) жж. АҚШ долларының және еуроның теңгеге қатысты бағамы

*Ескерту: сурет [б] қайнаркөзінен алынды

Төменде (2-кесте) Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің 2016-2021 (I тоқсан) жылдар кезеңінде қолма-қол шетел валютасын әкелу мен әкетуі туралы статистикалық мәліметтерді келтірміз (АҚШ доллары, еуро және Ресей рублінде).

Кесте 2.

Қазақстандағы екінші деңгейдегі банктердің қолма-қол шетел валютасын әкелу мен әкетуі туралы статистикалық мәлімет (валютаның мыңдық бірлігі)*

Кезең	USD (валютаның миллиондық бірлігі)			EUR (валютаның мыңдық бірлігі)			RUB (валютаның миллиондық бірлігі)		
	Әкелу	Әкету	Әкелу-әкету сальдосы	Әкелу	Әкету	Әкелу-әкету сальдосы	Әкелу	Әкету	Әкелу-әкету сальдосы
2016	1,354	1,005	349 мың	201	101	999	25,42	11,54	13,87
2017	3,432	123 мың	3,309	303	288	274	38,24	5,96	32,27
2018	3,449	244 мың	3,205	415	31	384	61,29	7,27	54,01
2019	4,188	64 мың	4,123	549	616	543	34,85	14,7	20,15
2020	2,492	298 мың	2,194	297	286	294	64,17	5,33	58,84
2021 (01.21)	172 мың	5 мың	166 мың	827	-	82	4,12	83,3	4,03

*Ескерту: [5] қайнаркөз негізінде автормен құрастырылған

1-ші және 2-ші суреттен бір дегеннен көзге көрінетін өзгерістер – наурыз-сәуір айларында доллар мен еуроның күрт қымбаттауы мен рубльдің арзандауы. Бұл теңге бағамының өзгеруіне қалыптасқан көзқарасқа қарама-қайшы болды. Әлемдік және ұлттық



валюта нарықтары кездейсоқ және белгісіз жағдайға ұрынды. Сондықтан бұл өзгерістердің басты себептері пандемияға байланысты деп жорытуға жеткілікті негіздер бар. Осы белгісіз жағдайға ҚРҰБ елдің валюталық нарығын тұрақтандыруға іс-шаралар кешенін жүргізуге мәжбүр болды.

Біріншіден, төмен өтімділіктің нақты мерзімдерінде валюталық нарықтың қалыпты қызмет етуі үшін ҰБ нарықта интервенциялар жүргізіп отырды. Олардың аталмыш жылы жалпы көлемі 1,905 млрд долларды құрады. Интервенциялар ақпан, наурыз, күз мезгілінде қыркүйек және қазан айларында жүргізілді. Олардың 1,488 млрд долларды құраған ең ауқымды көлемі нарықтың күрт құлдырауы кезінде, нақтырақ айтқанда наурыз айында жүзеге асырылды.

Екіншіден, Ұлттық банк валюталық операциялардың КҮС процедураларына сәйкес жүргізілуіндегі ашықтықтың қалыпты деңгейін қамтамасыз ету үшін валюталық операцияларды жүзеге асырудағы ережелерге өзгертулер енгізді, атап айтқанда заңнамада бекітілген мерзімде сатып алынған валюталардың мақсатты пайдаланылуы бойынша бақылаулар мен банктердің айырбастау (конверсиондық) операцияларды алдын-ала тексеру шараларын жүргізу ережелері болды. Валюталық нарыққа қатысушылар арасындағы алыпсатарлық белсенділікті төмендету үшін сатып алу бағамының айырбастау пункттері үшін валюта сату бағамынан ауытқуына шектер қойылған болатын.

Үшіншіден, валюталық нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдік жағдайына жетуі үшін негізгі фактордың бірі ретінде ҚР бюджетіне кепілдендірілген трансферттерді жүзеге асыру мақсатындағы валюталардың конвертациялық операциялары анықталды. Бұл конвертациялардың жалпы көлемі сол жылы 9,05 млрд АҚШ долларын құрады. Сонымен қатар, елдің квазимемлекеттік сектор субъекттерінің валюталық нарықтағы валюталық түсімдерін сату мүмкіндігін атап өту қажет. Бұл бағытта KGS компаниялары сол жылы шамамен 2,1 млрд АҚШ долларын сатты.

Аталған шаралар нәтижесінде сыртқы және ішкі валюталық нарықтарда жағдайды тұрақтандыруда тенге бағасы өзінің наурыз-сәуір айларындағы күрт өсіп кеткен көрсеткішінен 6%-ға нығайып, жыл соңында 1 АҚШ долларына 420,71 тенгені құрады [7].

Соңғы ағымдағы ақпараттарға қарағанда теңгенің салыстырмалы құнсыздануы байқалады. Сондықтан елдің валюталық саясатында ол нарыққа әсер ететін ішкі факторлармен қатар әлемдік нарықтардағы болып жатқан өзгерістерге де жеткілікті назар аудару қажеттігі туындайды.

Жалпы алғанда ұлттық валютаның динамикасы пандемия жағдайында да, оған дейінгі кезеңде де әлемдік нарықтардағы тенденциялар мен фундаменталды факторлар трендтерін көрсетіп отырды.

Қорытынды. Елдің валюта бағамының қалыптасуы ұлттық және әлемдік экономика мен саясаттың өзара байланысына тәуелді күрделі көпфакторлы процесс болып табылады. Жалпы, Қазақстан Республикасының валюта нарығының даму болашағы биржалық немесе банкаралық нарықты жетілдіру үрдісімен байланысты болады. Одан бөлек, егер мемлекеттік және нарықтық валюталық реттеу тиісті деңгейде қолданылмаса, нарық жағдайында валюталарға сұраныс пен ұсыныстың қалыптасуы және олардың валюта бағамдарының арақатынасы жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін, өйткені валюта бағамдарының күрт өзгеруі және валюталық дағдарыстар ұлттық экономикаға кері әсер етеді, сәйкесінше ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптарды тудырады.

Әлемде пандемия жалғасуда. Аяқталу мерзімі белгісіз. Бұл жағдайда елдің валюта саясатының басты міндеті – теңгенің бағамын мүмкіндігінше тұрақтандыру, күшті әлсіреуіне жол бермеу. Мұндай саясат пандемиядан кейінгі экономиканы қалпына келтірудің өте маңызды тетігінің бірі болады деп есептейміз.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Калиева Г.Т., Омарова А.К. Валютные рынки и валютные операции. Алматы, 2002г.
2. Исакаков У.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А. Финансовые рынки и посредники: учебник. – Алматы: Экономика, 2005. – 298с. – с. 88
3. Закон РК «О валютном регулировании и валютном контроле» от 18 декабря 2000 года
4. Концепция развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года. Утв. Постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 августа 2014 года №954.
5. ҚР ҰБ Статистикалық бюллетень N01 (314) Қаңтар 2021. Электронды ресурс: <https://nationalbank.kz/ru/news/statisticheskij-byulleten/rubrics/1675>
6. ҚР ҰБ ресми сайты – Электронды ресурс: <https://nationalbank.kz/ru/exchangerates/ezhednevnye-oficialnye-rynochnye-kursy-valyut>
7. Коронавирус, падение цен на нефть и итоги развития валютного рынка Казахстана – интервью с заместителем председателем Нацбанка Алия Молдабекова – Электронды ресурс: <https://kapital.kz/finance/92619/koronavirus-padeniye-tsen-na-neft-i-itogi-razvitiya-valyutnogo-rynka-kazakhstan.html>

References:

1. Kalieva G.T., Omarova A.K. Valyutny`e ry`nki i valyutny`e operaczii. Almaty`, 2002g.
2. Iskakov U.M., Bokhaev D.T., Ruzieva E`.A. Finansovy`e ry`nki i posredniki: ucheb-nik. – Almaty` : E`konomika, 2005. – 298s. – s.88
3. Zakon RK «O valyutnom regulirovanii i valyutnom kontrole» ot 18 dekabrya 2000 g.
4. Konczepczija razvitiya finansovogo sektora Respubliki Kazakhstan do 2030 goda. Utv. Postanovleniem Pravitel`stva Respubliki Kazakhstan ot 29 avgusta 2014 goda No. 954
5. ҚР ҰБ Statistikalы`қ byulleten` N01 (314) Kantar 2021. E`lektrondy` resurs: <https://nationalbank.kz/ru/news/statisticheskij-byulleten/rubrics/1675>
6. ҚР ҰБ resmi sajty` – E`lektrondy` resurs: <https://nationalbank.kz/ru/exchangerates/ezhednevnye-oficialnye-rynochnye-kursy-valyut>
7. Koronavirus, padenie czen na neft` i itogi razvitiya valyutnogo ry`nka Kazakhstana – interv`yu s zamestitelem predseatelya Naczbanka Aliya Moldabekova – E`lektrondy` resurs: <https://kapital.kz/finance/92619/koronavirus-padeniye-tsen-na-neft-i-itogi-razvitiya-valyutnogo-rynka-kazakhstan.html>.

ВАЛЮТНЫЙ РЫНОК КАЗАХСТАНА ДО И ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Р.Е.Елемесов, А.А.Раимбекова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: a.raimbekovaa@mail.ru

Резюме. Расчеты в национальной и иностранной валюте происходят между резидентами республики, участвующими в различных международных торговых отношениях и потоках капитала. С помощью зарубежных активов осуществляются различные финансовые операции, формируются золотовалютные резервы страны, рассчитываются некоторые экономические нормативы и показатели (целевая заработная плата, собственный капитал коммерческих банков, ВВП и т. Д.). В связи с этим возникает необходимость создания развитого валютного рынка, что позволит увеличить объем валютных операций.



В статье дается сравнительный анализ динамики развития валютного рынка Казахстана и изменений, вызванных воздействием на него глобальной пандемии.

***Ключевые слова:** валютный рынок, курс тенге, Национальный Банк Республики Казахстан, валютное регулирование, конвертация валют, пандемия коронавируса.*

CURRENCY MARKET OF KAZAKHSTAN BEFORE AND IN TIME OF PANDEMIC: COMPARATIVE ANALYSIS

R.E.Yelemesov, A.A.Raimbekova*

Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

e-mail: a.raimbekovaa@mail.ru

***Summary.** Settlements in national and foreign currency are made between residents of the republics participating in various international trade relations and capital flows. With the help of foreign assets, various financial transactions are carried out, gold and foreign exchange reserves of the country are formed, some economic norms and indicators are calculated (target earnings of the bank, private capital, etc.). In connection with this, it is necessary to create a developed foreign exchange market, which will allow to increase the volume of foreign exchange transactions.*

The article provides a comparative analysis of the dynamics of the development of the foreign exchange market in Kazakhstan and the changes caused by the impact of the global pandemic on it.

***Key words:** foreign exchange market, tenge exchange rate, National Bank of the Republic of Kazakhstan, currency regulation, currency conversion, coronavirus pandemic.*

МРНТИ 06.52.13

УДК 331.446.4

ББК 65.290

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-2.11>

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЕ СОЗНАНИЕ КАК ОСНОВА КРЕАТИВНОСТИ В БИЗНЕСЕ

Н.В.Ибрагимова*, Ә.С. Бақтымбет

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,

Нур-Султан, Казахстан

email: ibrnatalya73@mail.ru

***Аннотация.** Цель исследования в данной статье – раскрытие и обоснование отличия современного предпринимателя, обладающего не только необходимыми знаниями и навыками в области предпринимательской деятельности, но и творческим потенциалом, креативностью, нестандартным подходом к решению бизнес-проблем.*

Проблематика статьи заключается в том, что в настоящее время, нет четкого понимания в обществе понятия творческого предпринимателя, не видно различие между классическим пониманием бизнесмена и бизнесмена, работающего в области творческих, креативных индустрий, что зачастую затрудняет деятельность таких бизнес-процессов.

Важность статьи заключается в том, что в ней обоснованы и уточнены некоторые аспекты понятий о предпринимательском сознании, даны обоснования необходимости развития творческой составляющей у предпринимателей современного типа. Так же в статье даны практические рекомендации предпринимателям, каким образом можно